

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Жаңашылдық - заман талабы

ЖАРИЯЛАНДЫ
28.05.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/75691/>**Жолдасбаева Әсел Бахитқызы**

Ақтөбе қаласы, Сазды орта мектебі

Директордың орынбасары

«Бала тәрбиесі – мемлекеттің маңызды міндеті» деп, талай ғасыр бұрын Платон бекер айтпаса керек. Қай кезеңде болсын ұрпақ тәрбиесі бәріненде маңызды. Міне, осы тақырып бүгінде де бізді қатты ойландырып, толғандырып отырған жайы бар. Дәр қазіргі жағдайда біз қайда барамыз, қандай ұрпақты тәрбиелеп жатырмыз, алдымызда не күтір тұр деген сұрақтарға жауап беру қиындап барады..Ұрпақ тағдыры дегеніміз – ұлт тағдыры. Әрбір ұлттың болашағы оның білімді де, іскер, талантты да, мәдениетті, адамгершілік асыл қасиеттері бойына сіңірген тәрбиелі ұрпақтардың қолында. Ал мұндай ұрпақ тәрбиеші мен ата-ананың ортақ тәрбиесінің нәтижесі арқылы ғана қалыптасады.

Отбасыдағы әке мен шешенің жүріс-тұрысы, мәдени деңгейі бала үшін ең тамаша көрнекі әрі тиімді тәрбие тәсілі екенін ата-аналар әрдайым есете ұстаса жөн болар еді. Балаға «ананы істе», «мынаны істе», «олай жасама» дегеннен гөрі, өзін үлгілі жағынан көрсете біліп, баланы еңбекке баулу арқылы жемісті тәрбиеге қол жеткізуге болады. Ұл әкесіне, қыз шешесіне қарап бой түзеді. өйткені бала ересектерге қарап еліктейді, көп нәрсені – жақсыны да, жаманды да солардан үйренеді, бәрін қайталайды.Осы ретте бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне келер болсақ, көптеген балалар мен жасөспірімдер өз ата-аналарының жауапсыздығы мен немқұрайлылығының құрбаны болуда. Нәтижесінде ашылмаған жас бүршік гүлденбей солып қалады. Осыдан – ақ жанұядағы бала тәрбиесінің бейнесін көруге болады. Балалық шақ – адам өміріндегі ең маңызды да, ерекше уақыт. Сондықтан осы кезді тиімді пайдалану өте маңызды.

Бала өскен сайын әурешілігі де көбейе түседі. Яғни, баланы әлі бала ждеп қарамай ертерек тәрбие беруді қолға алған жөн. «Тәрбие – отбасынан басталады» демекші баланың отбасынан көрген – білгені оның бүкіл өміріне жолдама болып қалмақ. Ата-ана баласына көбірек көңіл бөлмесе, таңртеңнен кешке дейін теледидардың алдында

отырған өскіншек керектіні де, керексізді де өзінің бойына талғамсыз сіңіре береді. Нәтижесінде бала психикалық ауытқушылыққа ұрынуы да мүмкін. Балалар ата-аналарынан гөрі өз заманына ұқсайды деген сөз бар. Ата-аналар балаларының қай заманда өсіп жатқанын ескермейді, бала тәрбиесі назардан тыс қалып жатады. Бүгінгі күнде күнкөріс қамы бірінші кезекке шықты, балаға әр күні ең болмағанда 2-3 сағат көңіл бөлу жөн.

Бала тәрбиесіндегі тағы бір үлкен жайт- үйде күтуші ұстау. Күтушінің барлығы мұғалім емес. Сол себепті жаңадан өсіп келе жатқан бала күтушінің бойындағы қылықтарды, әдеттерді өзінің бойына жинақтайды. Егер басқа ұлт өкілі болса, жағдай тіпті қиын. Сосын мектепке баруға 1-2 жыл қалғанда ата-ана баласын балабақшаға алып келеді. «Қазақ мектебіне берейік деп едік, қазақша үйренсін» дейді. Ол туғанынан басқа тілде сөйлесе, ұлттық тәрбие бойына сіңірілмесе, бізге оны ары қарай түзеу қиынға түседі. Сол үшін де баланың игі тәрбиесі ана құрсағынан басталады.

Анасы баласымен сөйлесіп, қазақтың әдемі әуендерін тыңдап, қазақша жақсы шығармалар оқуы керек. Сәби өмірге келгесін, бесік жырын тыңдауы керек. Сонда ұлттық тәрбие баланың бойына ананың сүтімен дариды. Ұрпағымыздың бойында ұлттық тәрбиені, имандылық қасиеттерді жетілдірсек, сонда ғана халқының салтын жақсы білетін, ата-анасын сыйлайтын, ел үшін еңбек ететін азаматты қалыптастырамыз. Қорытындылай келе, қазақтың ұлы ғұламасы Әбу Насыр әл-Фарабидің сөзімен айтсақ «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне азап әкеледі» — деген. Қазақстанның дамуына үлес қосатын, әлемдік өркениетке көтерілетін білімді де мәдениетті, парасатты, денсаулығы мықты азамат тәрбиелеп шығару – қоғам, ұстаздар мен ата-аналар, мұғалімдер қауымының бүгінгі таңдағы баға жетпес міндеті.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.